



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№6 (6) 20.05.2014

*Ұлттық өнердің
өнерлі тұлғалары*



КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Міне, көзді ашып - жұмғанша оқу жылы да аяқталды. Бұл жыл еліміздегі өнер, мәдениет, ғылым саласы үшін маңызды әрі мағыналы жылдардың бірі болғаны көңілге қуаныш ұялатады. Соның бір айғағы - оқу ордамыздың қабырғасында ректор, профессор Айман Қожабекқызының қолдауымен өздеріңіз оқып, хабардар болып жүрген «Шабьт» журналының жарық көруі. Ұлағатты ұстаздарымыз профессор Ә.Сығай, профессор Б.Нөгербектің берген ақыл - кеңестерінің көмегі арқылы бүгінге дейін өздеріңізбен бірге болдық. Осы уақыт аралығында белсенді студенттер мен оқытушылар өз жұмыстарын оқырман назарына ұсынып, ой елегінен өткізген тұжырымдарын ортаға салды. Қолымыздан келгенше әр жұмысты жариялауға тырыстық.

Ендігі тұста журналдың оқу жылына қорытынды жасаған кезекті санын ұсынып отырмыз. Университет табалдырығын аттағалы отырған жас талапкерлерге сәттілік тілеп, өнер әлеміне білікті маман атанып қанат қаққалы отырған түлектерге ақ жол тілейміз!

Шығармашылық жолда биік белестерді бағындырып, асқар асуларға жетіңіздер! «Шабьт» журналының ұжымы жаздық демалысқа шығатынын жариялап, өздеріңізбен алдағы оқу жылында қауышатынымызды айтқымыз келеді.

Құрметпен, журналдың бас редакторы,
Гүлім Көпбайқызы

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - ҚР халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - ҚР еңбек сіңірген қайраткері
Мейрамов Т.У. - ҚР халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. – ҚР еңбек сіңірген қайраткері
Нөгербек Б.Р. - ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан
Тілшілер: Қуат Ежембек
Балжан Бекмағамбет
Мирас Әбіл
Александра Поршнева
Камила Габдрашитова
Евгений Лумпов
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

МАЗМҰНЫ

Мәдени жаңалықтар

4 бет



Әкім ағаның әңгімелері...

5 бет



Өнертанудың алғашқы қарлығаштары

6-7 бет



Төл өнерді түлеткен...

8-9 бет



Көмір

10 бет



Қиял көкжиегі

11-15 бет



«Ес - аймақ» - атауы ескірмейді

12 бет



Өлең өрнегі

13 бет



Жасын

14 бет



Бір рөл - бір актер

16-17 бет



Қазақы шахмат

18 бет



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

МӘДЕНИ ЖАҢАЛЫҚТАР 4

Кітапхана күнделігінен..

Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ізденушілері табиғат сыйға тартқан ұлы қасиет - сан қырлы өнердің иесі. Университетіміз шығармашылық ордамыз болса, алға қадам басып келе жатқан «Шабьт» журналымыз бойымызға ерекше жігер беретіндей. Бұл біздің университетіміздің - мақтанышы, ілгері басып келе жатқанымыздың айғағы. Осы тұрғыда шығармашылық ордамыздың ақпараттық кітапхана бөлімі де қызу шығармашылық үлесін қосуда. Ақпараттық кітапхана қызметінің «Медиатека» бөлімінде қазақ киносынан бірнеше фильм жинағы келіп түсті. Көрем деушілерге есік ашық. Сатыбалды Нарымбетовтің «Қызжылаған», Болат Қалымбетовтің «Сардар», Мәжит Бегалиннің «Тұлпардың ізі» және де өзге де фильмдерді көре аласыздар.

Ал, «Оқу залы» бөлімінде орыс композиторы Николай Римский-Корсаковтың 170 жылдығына арналған «Табиғаттан нәр алған (С природой он дышал..) атты шағын көрме ұйымдастырылды. Салиндина Гүлнар Есімбекқызы: «Оның “Моцарт және Сальери” және де “Ажалсыз Кощей” опералары әлем композициясының маңызды шығармаларының бірі болса, “Оркестровка негіздері” және “Тәжірибелі Гармония оқулығы” атты еңбектері өзінің ғылыми - педагогикалық маңызын осы күнге дейін жоймай келеді. Бұл туындылардың барлығы да біздің студенттер қолдана алады» деп, пікірімен бөлісті.

Сонымен қатар, студенттер әлем кино және театр өнеріне байланысты көптеген әдебиет жинақтарын электронды нұсқада оқи алады.

Нүргүл Абдуллаева



25.04. Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінің Ж. Жабаев атындағы концерт залында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Жанғали Жүзбайдың «Кертолғау» атты жеке шығармашылық кеші өтті.

27.04. Елордамыздағы Ұлттық академиялық кітапханада «Тілім менің - тірлігімнің айғағы» атты пікірталас болды.

10.05. Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында «Асылдың сынығындай Асылболат» атты Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Асылболат Смағұловтың шығармашылық кеші өтті.

12.05. «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры аты аңызға айналған «Ла Скала» театрымен бірлесе отырып, «Тоска» операсының тұсаукесерін ұсынды.

13-14.05. Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында Сұлтанәлі Балғабаевтің «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы еркек» пьесасы «Махаббат сиқыры» деген атпен сахналанып, комедияның премьерасы болды. Режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - Болат Ұзақов.

15.05. Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада жазушы марқұм Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», «Басында Үшқаранын» атты әңгімелеріне талдау жасалды. Бұл шараға зиялы қауым өкілдерімен қатар әдебиет әлеміне қызығушылық танытқан жастар да қатысты.

18.05. Қазақ Үкіметі осы күнді биылдан бастап, «Түркі жазуы күні» деп белгіледі. Дәл осы күні Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Моңғолиядан Астанаға жеткізіліп, Еуразия Ұлттық университетіне орнатылған еді.



ӘКІМ АҒАНЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ...

Мен оқырман қауымды аса құрметтеймін. Жазушының оларсыз күні жоқ. Дәрігер адамның тәнін емдесе, жазушы жанын емдейді. Біз дәл медицина қызметкерлері секілді тер төкпесек те, қиналған кезде бізді іздейді. Алматыда жүргенімде тіпті жігіті тастап кеткен қыздар келетін күндер болды. «Аға не істейміз?» деп. (бір күліп алды) Мен айтам: «Біздің арамызда Сайын бар, бұл мәселені сол Сайын ағаларыңнан сұрандаршы. Мен бұл жағынан шорқақ екенмін», - деп Мұратбековке жіберемін. Сайын майын тамызып айтады жақсылап. Ол жазу өнеріне де, сөйлеу өнеріне бірдей бейім жан еді. Әңгіме түбін түсіріп айтады, жазса алдына жан салмайды. Ал енді, керісінше менің екі досым болды. Бірі Қалихан Ысқақ, екіншісі Рамазан Тоқтаров. Олар тек қана 24 сағат өздері сөйлеп кетеді де, барған жерінде ешкімге сөз бермейді. Бір күні Шымкент облысындағы Арысқа жол жүрдік. Ол кезде біздің оқырманымыз өте көп, халық мәдениет үйіне симай кететін. Сосын соңына қарай ақсақалдар бізбен сырласу, әңгімелесу мақсатымен қой сойып жеке үй даярлап қонақ етті. «Ал, енді Әкім қарағым келіп қалыпсың, сөз баста!» деп, бірінші маған кезек берді. Мен өзі сөйлейтін жерден қашып жүрем. Қалиханның күйеу баласы едім. Бұл кісінің алдында сөйлегенім ыңғайсыз болар деп құтылып кеттім. Содан кейін Қалихан жіберді аттың басын. Сағат күндізгі төрттер де бастаған, содан сағат сегіз болды. Ағам әлі сөйлеп отыр. Ас келді, сорпа іштік. Сағат он болды. Мен сәл тынығып алайын, қазір қайтып келемін ғой деп, өтірік айтып кетіп қалдым. Сағат түнгі үште оянып кетсем Қалихан ағам әлі сөйлеп отыр екен. Ақырын сол жерге жақындап қарасам, алты шалдың алтауы да ұйықтап қалған. Қалихан әлі ұрып отыр екен. (Ішек сілесі қата күлді) Міне, сондай әзіліміз жарасқан керемет топ болдық.

Менің байқағаным, оқырманның көбі кітапты қиналған кезінде оқиды екен. Мысалға, махаббаттан теперіш көрген қыз балалар, мұңы бар әкеден, шешеден айрылған адамдар әдебиетке құмар болады. Біз әдебиетте адам жанын зерттедік. Бізге дейінгі Мұхтар, Ғабит, Сәбит, Ғабиден және мен оларға Тәкен Әлімқұловты, Бердібек Соқпақбаевты қосам. Осы классиктеріміз өмір туралы ұстаз ретінде үн қатады, яғни ақыл айтып жазады екен. Ал біз, әдебиетке 60-шы жылдары келген буын оқырманмен сырласып отырып жазамыз. Біздің буын шамамен қырық шақты адам болып Қазақстанның әр аймағынан келді. Әбіш Кекілбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Қалихан, Оралхан тағы басқа мықтылар көп еді. Қазір сол қырық шақты адамды көбі ұмыта бастағанына менің жаным ауырады. Мәселен, Жайсаңбек Молдағалиев деген Қостанайлық жазушы болды. Артында іздеушісі жоқ па білмеймін, аты аталмайды, кітаптары шықпайды. Бірақ жақсы әңгімелері бар еді. Ақан Нұрмановты мен он рет мақтап айттым. «Ақан классик еді ғой, осыны шығарсаңдаршы, өй!» деп. Жаздым да баспасөзге. Ешқайсысы былқ етпейді. Таң қалам. Ешкімге керегі жоқ бір кітаптар шығып жатыр. Өкінішті.

Әдебиет - күнделікті өзіңнің өмірің, ойың, түнде жатқанда көрген түсің. Кеше сен бір қызды театрға шақырдың, ол уақытыңда келмеді. Сен күйіп жанып, өртеніп не болғанын білуге барсаң басқа бір жігітпен отыр. Трагедия емес пе? Әй, уәде қайда? Содан кейін төбелес шығарсаң, милиция келіп ананы алмай, сені алып кетеді. Одан бетер трагедия. Материалды алыстан іздеме, өзіңнің жаныңнан ізде. Сен жаныңмен қиналып жазсаң, оқырман жаны қиналып оқиды, сен күліп отырып жазсаң, күліп отырып оқиды, жылап отырып жазсаң, жылап отырып оқиды. Сондықтан әдебиет өмірден алыс әлем емес. Бірақ, аяқтың астында жатқан дүние де емес. Талантың бар ма бар, жоқ па жоқ. Талант деген сол.

Сіздерге тапсырма құрметті оқырман! Сайын Мұратбековтің «Күзгі бұралаң жол» деген шағын ғана әңгімесі бар. Менің түсінуім бойынша ол романның жүгін артатын туынды. Сол шығарманы кітапханадан тауып алып оқып көріңдер! Сайынның жанын сонда түсінесіңдер!





ӨНЕРТАНУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Бас қаламыз Астананың мәдениетінің дамуына үлес қосуда 1998 жылы Елбасының қолдауымен Сарыарқа төрінде «Қазақ музыка академиясы» ашылып, ректорлық лауазымына талантты скрипкашы Айман Қожабекқызы Мұсақожаева лайық деп тағайындалған еді. Алғашқы ашылуынан бүгінгі күнге дейін аталмыш оқу орнының ұстаздары мен шәкірттері өз өнерлерімен Отанымызды әлемдік сахналарда мойындатып келеді. Қазақ музыка

академиясы 2010 жылы «Қазақ Ұлттық Өнер Университеті» мәртебесін алды. Осы жылдары Университет «Өнертану және операторлық өнер», «Кескіндеме және сурет», «Хореография» сынды мамандықтармен толықтырылып, студенттерді қабылдай бастады.

Соның бірі, 2010 жылдан бастап «Өнертану және операторлық өнер» кафедрасы ашылып, «Кинотану», «Театртану», «Кинотеледраматургия», «Операторлық өнер» мамандықтары бойынша алғашқы түлектерді қабылдады. Кафедраның негізінде жазушы, драматург, профессор Әкім Тарази, кинотанушы, профессор Бауыржан Нөгербек, дарынды кинорежиссер Әсия Сүлжева, театртанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Еркін Жуасбек, ағайынды операторлар Әубәкір Сүлжеев, Болат Сүлжеев, жас оқытушылар Әсем Намазбекова, Жанна Ибрагимова, Ақмарал Кемелхановалар ұстаздық қызметтерін бастады. Осы жылы Өнертану кафедрасына үш мамандық бойынша он бес студент оқуға қабылданды. 2011 жылы «Өнертану» өз алдына жеке кафедра болып, профессор, театртанушы Әшірбек Сығай, драматург Роза Мұқанова, кинотанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Назира Мұқышева, кинотанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Инна Смаилова, театртанушы, өнертану ғылымдарының магистрі Жаңагүл Сұлтанова, Өнертану мамандығының жетекшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты Ардақ Юсупова, кинотанушы Сәкен Нөгербек сынды ұстаздармен толықты.

2010-2014 ж.ж «Өнертану» мамандығының алғашқы түлектері төрт жылдық оқу жылы бағдарламасы барысында:

1. 2014 жылы бітіруші түлектер арасында өткізілген тест барысында университет деңгейінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді;

2. 2012-2013, 2013-2014 оқу жылдарында «Кинотану» мамандығының студенттері Көпбаева Гүлім, Габдрашитова Камила екі жыл қатарынан Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы (Астана қ.), сондай - ақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Елбасының Қоры шәкіртақысының иегерлері атанды (Алматы қ.);

3. Алматы қаласында ұйымдастырылған республикалық пән аралық олимпиадада «Театртану» мамандығының студенті Тұрғанов Олжас, «Кинотану» мамандығының студенті Габдрашитова Камила, «Кинотеледраматургия» мамандығының студенті Қазақбаева Альфия мақтау қағаздарымен марапатталды;





ӨНЕРТАНУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Бас қаламыз Астананың мәдениетінің дамуына үлес қосуда 1998 жылы Елбасының қолдауымен Сарыарқа төрінде «Қазақ музыка академиясы» ашылып, ректорлық лауазымына талантты скрипкашы Айман Қожабекқызы Мұсақожаева лайық деп тағайындалған еді. Алғашқы ашылуынан бүгінгі күнге дейін аталмыш оқу орнының ұстаздары мен шәкірттері өз өнерлерімен Отанымызды әлемдік сахналарда мойындатып келеді. Қазақ музыка

академиясы 2010 жылы «Қазақ Ұлттық Өнер Университеті» мәртебесін алды. Осы жылдары Университет «Өнертану және операторлық өнер», «Кескіндеме және сурет», «Хореография» сынды мамандықтармен толықтырылып, студенттерді қабылдай бастады.

Соның бірі, 2010 жылдан бастап «Өнертану және операторлық өнер» кафедрасы ашылып, «Кинотану», «Театртану», «Кинотеледраматургия», «Операторлық өнер» мамандықтары бойынша алғашқы түлектерді қабылдады. Кафедраның негізінде жазушы, драматург, профессор Әкім Тарази, кинотанушы, профессор Бауыржан Нәгербек, дарынды кинорежиссер Әсия Сүлжева, театртанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Еркін Жуасбек, ағайынды операторлар Әубәкір Сүлеев, Болат Сүлеев, жас оқытушылар Әсем Намазбекова, Жанна Ибрагимова, Ақмарал Кемелхановалар ұстаздық қызметтері бастады. Осы жылы Өнертану кафедрасына үш мамандық бойынша он бес студент оқуға қабылданды. 2011 жылы «Өнертану» өз алдына жеке кафедра болып, профессор, театртанушы Әшірбек Сығай, драматург Роза Мұқанова, кинотанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Назира Мұқышева, кинотанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты Инна Смаилова, театртанушы, өнертану ғылымдарының магистрі Жаңагүл Сұлтанова, Өнертану мамандығының жетекшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты Ардақ Юсупова, кинотанушы Сәкен Нәгербек сынды ұстаздармен толықты.



2010-2014 ж.ж «Өнертану» мамандығының алғашқы түлектері төрт жылдық оқу жылы бағдарламасы барысында:

1. 2014 жылы бітіруші түлектер арасында өткізілген тест барысында университет деңгейінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді;

2. 2012-2013, 2013-2014 оқу жылдарында «Кинотану» мамандығының студенттері Көпбаева Гүлім, Габдрашитова Камила екі жыл қатарынан Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы (Астана қ.), сондай - ақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Елбасының Қоры шәкіртақысының иегерлері атанды (Алматы қ.);

3. Алматы қаласында ұйымдастырылған республикалық пән аралық олимпиадада «Театртану» мамандығының студенті Тұрғанов Олжас, «Кинотану» мамандығының студенті Габдрашитова Камила, «Кинотеледраматургия» мамандығының студенті Қазақбаева Альфия мақтау қағаздарымен марапатталды;





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ШЫН ЖҮРЕКТЕН...

7

4. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің бастамасымен ұйымдастырылған студенттердің ғылыми - зерттеу жұмыстарында (НИРС) екі мәрте «Кинотану» мамандығының студенттері Көпбаева Гүлім, Габдрашитова Камила және бір мәрте Балтабаева Тоғжан министр Б.Жұмағұлов мырзаның атынан дипломант иегерлері атанды;



5. Тұңғыш рет Университет қабырғасынан ректор, профессор Айман Қожабекқызының, профессор, театртанушы Сығай Әшірбек Төребайұлының қолдауларымен «Шабьт» журналын жарыққа шығарды. Бас редакторы «Кинотану» мамандығының түлегі Гүлім Көпбайқызы;

6. Биыл дарынды режиссер Шәкен Аймановтың 100 жылдығына орай оқу ордамызда бір апта режиссер фильмдерінің көрсетілімі мен қатар Ш.Айманов пығармашылығына байланысты ғылыми конференция өткізілді. Аталмыш шараны ұйымдастырушы «Кинотану» мамандығының студенті Көпбаева Гүлім болды.

7. Астаналық кәсіби мамандар мен киносүйер көрерменге арналған «KINOMUZA» атты жаңа кино клуб ашылып, аталмыш жобаның дамуына да түлектер айтарлықтай өз үлестерін қосуда.



Өнертанудың алғашқы он бес түлегі оқудағы озат білімдерімен бірге, Университеттің қоғамдық жұмыстары, жатақханадағы өмірде де бір үйдің балаларындай ұйымшыл тату, пығармашыл студенттер ретінде де өз мамандықтарының ізбасарларына үлгі көрсетуде. Сол себептен де мақаламызға «Өнертанудың алғашқы қарлығаштары» деген тақырып арқау болды. Астана төрінде өз кірпішін қалаған «Өнертану» саласының болашақ жас мамандары бас қаламызбен бірге өзге де

қалаларда театр, кино және драматургия саласы бойынша төрт жыл бойы жиған білімдерімен өз үлестерін қосады деген үміттеміз.

2013 жылы оқу ордасы өзінің 15 жылдық мерейтойын Республикалық және әлемдік деңгейде ерекше атап өтті. Жаңа 2015 оқу жылында да «Өнертану» кафедрасы төрт мамандық бойынша студенттерді қабылдайды. Өнертанудың алғашқы қарлығаштары болса үлкен белестерге қанаттарын қақты.



Әсем Чапайқызы
«Өнертану» кафедрасының оқытушысы,
Өнертану ғылымдарының магистрі





ТӨЛ ӨНЕРДІ ТҮЛЕТКЕН...

Қазақ киносына үлес қосып жүрген режиссерлеріміздің арасында нәзік жанды аруларымыз да жоқ емес. Солардың бірі - алпыстың асқарына шыққан Әсия Сүлеева. Өмір жолын деректі фильм түсірумен бастаған режиссер қазақ кино өнерінің тарихына осы уақытқа дейін аз үлес қоспапты.

Әсия Сүлеева - кинорежиссер, сценарист, ұлағатты ұстаз Кеңес Одағы кинематографистерінің мүшесі (1982). 1950 жылы 1 наурызда Жамбыл облысы Қордай ауданы Георгиевка ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Бүкіл советтік Мемлекеттік кинематографистер институтының телевидение және деректі фильм режиссерлері бөлімін тамамдады (Л.М.Кристи шеберханасы). Бұл оқу ордасына қадам баспас бұрын оқушы Әсия Сүлеева мектеппен қатар «Қазақфильм» киностудиясындағы актерлік үйірмеде екі жыл айналысып жүріп, бұл үйірмені мектеп бітірген жылы тәмәмдады. Бірақ өнердегі жолын режиссер мамандығы, соның ішінде деректі фильммен байланыстыруға шешім қабылдаған. Көздеген мақсатына, аңсаған арманына жету үшін еліміздің атақты режиссерлернің бірі Сұлтан Қожықовтың классикалық туындыларының бірі «Қыз Жібек» фильміне басты рөлді сомдауға шақырған ұсынысынан бас тартып, режиссердің көмекшісі болуға рұқсат сұрайды. Алайда, режиссердің көмекшісі болу бұйырмай, «Қыз Жібек» фильмін түсіру кезінде актриса ретінде қатысып, Лев Варшавскийдің сценарий шеберханасында айналысты. 1969 жылы ВГИК - тегі профессор Л.Н.Дербышева шеберханасындағы: телевидения және деректі фильм режиссурасына оқуға түсіп, Л.М.Кристи шеберханасында «Кәмшат» деректі фильмімен



дипломын «үздік» деген бағаға қорғап шығады. Жогарғы оқу орнындағы жылдар бойы жинаған білімін халқына арнады. Өз отанында еңбек етуге бел буған режиссер кино өнерінің ыстығы мен суығына төзіп, қанша қиын кезеңдерді бастан кешсе де, қазақ кино өнеріне талай дүниелерді жарыққа әкелді. Төл киномызға 40-тан астам деректі фильм мен бірнеше балалар киносын қоржынымызға салды. Ұзақ жылдар бойы деректі фильмге бет бұрған режиссер өте жақсы фильмдерді дүниеге алып келді. Режиссер Ә.Сүлеева түсірген деректі фильмдері шабандарға, колхоз жұмысшыларына, өндіріс майталмандарына, еңбек адамдарына, өнер жолында жүрген әртістерге арналды. Олар: «Кәмшат» (1975), «Гори, гори ясно» (1976), «Нити» (1977), «Дом в саду» (1978), «Встречи на всю жизнь» (1979), «Жизнь на пуантах» (1980), «В Ваших интересах» (1981), «Орынбасар әндері» (1982), «В пяти шагах от вечности» (1983), «Палитра жизни» (1983), «Жан Малори. Путешествие по Казахстану» («Эдельвейс» киностудиясы 1990), «Алан Медоев. Гравюры из жизни» (С.Райбаевпен бірге - «Қазақфильм» 1991), «Атамекен» (ТПО «Улкиза» 1993), «Путешествие в историю Казахстана» (ҚР Президентінің ТРК, 1997), «Бекет-ата» («Скиф» студиясы Сорос фонды 2000).

Әсия Сүлеева бір сөзінде: «Деректі фильм менің алғашқы ұстазым, деректі фильмнен көп нәрсе үйрендім және деректі фильм мектебінен өткен адамға басқа жанрда фильм түсіру қиынға соқпайды» деген еді. Өзі де осы деректі фильмнің қиын сатыларынан өтіп, көркемсуретті және балалар киносында зор еңбегін сіңіріп, осы күнге дейін таң қалдырып келеді. Үлкен жеңістерге алып келген фильмдері - «Ауылым көктөбенің бөктерінде» (1986), «Сиқырлы демеуші» (2001), «Жеңіс семсері» (2013) болды. Балалар көркемсуретті киносының саласында бірнеше жыл еңбек етіп келе жатқан өнер иесі бұл тұста да талай жетістіктерге қол жеткізе алды. Атап айтсақ, 1986 жылы мамыр айында «Ауылым көктөбенің



бөктерінде» фильміне Азия, Африка және Латын Америка елдерінің ІХ халықаралық кинофестивалінде КСРО жастар ұйымының комитеті диплом мен жүлде табыстады. 2001 жылы «Синий птах» Халықаралық балалар кинофестивалінде «Сиқырлы демеуші» фильмі үшін «Всеукраинского благородного Фонда Надежды и Добра» дипломымен марапатталды және бір жыл бұрын жарық көрген «Жеңіс семсері» фильмі 86 сценарийдің ішінен ІІ жүлделі орынды иеленді.

Әсия Қалиқызына бірде: «Сіздің ойыңызша қазақ кино өнеріне қандай жаңалық алып келдіңіз?» - деп сауал қойғанымда, «Жаңалық ол деректі кино саласында деп айта аламын, бірақ мен ескі хроникаға келген кезде барлық деректі фильмдер тапсырыспен түсірілген фильмдер еді. Солардың ішінде көптеген фильмдер егін және мал шаруашылығы жайлы түсірілген туындылар болса, адамдар жайлы түсірілген фильмдер саусақпен санарлықтай болды. Ал хрониканың жағдайы әлі күнге дейін жағдайы мәз емес. Осы деректі киноға жаңа бағытта түсірілген фильмдер әкелу үшін 25 жыл бойы күресіп келемін. Бірақ хроникаға келуіме әлі де мүмкіндік болмай жатыр» деп жауап қатты.

Әсия Сүлеева өнерінің қайнар-бастауларын іздесек, ВГИК-ке түсуге талпынған Әсия институттағы шығармашылық конкурста «Біз атама барамыз» атты шағын әңгімесін жолдаған екен. Мәскеуде, болашақ кинематографистер даярлайтын институтта тәжірибелі мамандар әңгімені оқып, талқылады. Жазып отырған жанның бойында талант пен қабілеті бар екенін түсінген болу керек. Емтихан тапсыруға шақырылған болашақ режиссер тиісті сынақтардан өтті де, әр талапкердің қолы жете бермейтін оқу орнының студенті атанды. 1975 жылы дипломдық жұмысын үздік деген бағамен қорғап шығып, осы жылдан бастап 1984жылға дейін, шамасы 10 жыл аралығында өз білімін режиссер тек деректі фильмде ғана сынады.

Өмірден де, өнерден де жинаған тәжірибиесін Әсия Қалиқызы кино өнерінде жүрген талай жас талант иелерін өнер университетінің қабырғасында оқытып, ұстаздық мамандықта да қолдана алды. Тағдырдың ауыр тауқыметін кешіп, кино өнеріндегі ауыр соқпақтарды бастан өткізген талантты өнер адамын Алматы қаласындағы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының «Режиссура» факультетіне ұстаздық мамандығына шақыртылып, күні бүгінге дейін осы мамандығын тастамай қазіргі таңда Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінде еңбек етуде. 15 жылдан астам ұстаздық етіп келе жатқан өнер иесі көптеген жүлделі орындарға ие болып жүрген шәкірттерді тәрбиелеуде. 2010 жылы ақпан айының 5 жұлдызында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы, Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен (№7 хаттама) Сүлеева Әсия Қалиқызына «Кино режиссурасы» кафедрасы бойынша «доцент» академиялық атағы берілді. Орасан зор еңбегінің арқасында еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық қарсаңына орай «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» атты төсбелгімен сондай-ақ, Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін арнайы алғыс хатпен марапатталды. Осындай марапаттарға ие болғаны, әрине Әсия Қалиқызының ең басты білімділігінің, өз мамандығына деген сүйіспеншілігінің, көп жылдар бойы жинаған тәжірибиесінің, адамгершілік қасиетінің, қызуқанды еңбегінің арқасы.

Кино өнерінде режиссердің қоршаған ортасында әрдайым жанынан табыла білген шығармашылық топтың ішінде өмірлік серігі Серік Райбаев, ақылшы ағасы Әубәкір Сүлеев, ізбасар ұлы Әнуар Райбаев және талантты бауыры марқұм Болат Сүлеев (1953-2011) болды. Олар қашан да Әсия Қалиқызын жеке өмірде қалай сыйласа, өнер жолында да әрдайым құрмет көрсетіп, шығармашылық жолда әр кезде арқау болып жүрген талант иелері. Өнер жолында «шығармашылық» деген ұғымның терең мағынасын түсініп, сол өнерге, кино өнеріне бүкіл өмірін арнап келе жатқан талантты режиссер, дарынды сценарист, өнегелі ұстаз Әсия Қалиқызының шығармашылық жолда әрқашан биік белестерден өрінуіне тілектеспіз!





КӨМІР

әңгіме

Ауыл үстінен мұқият зер салғанға ерекше көрініс байқалады. Аппақ қарға көмілген ауылдың дәл ортасына, әлдекім қара таңба басқандай.

Бүгін күні бойы табиғат ерекше көңілсіз, мұңлы болып тұрғаны. Не күлімдеп күн де шықпады, не жарқырап аспан да ашылмады.

- Оу! Көке! Қалайша жанбайды? Нашар дегеніңіз не? Біз үш жылдан аса қанша үйге түсірдік?! Мақтаудан басқа ештеңе естімеген едік!

- Айналайын! Керек емес. Алып кет, қарағым! Амал жоқ енді...

- Бұл бір қызық болды ғой. Азғантай нәрсемен не істейміз енді?

- Кешір, шырағым! Бірақ тездетпесең болмас. Аулаға да қар үйіліп, аяқ басар орын жоқ.

Осы сөздерден соң үй иесі тұтқаны орнына қойып, үстіндегі жамау шапанын қымтап, аулада шалқасынан жатқан бір төбе көмірге беттеді. Назары қара жұмыстан күстеніп кеткен алақанындағы аспандай көмір таста.

- Әй, Жаманкүл! Үйге су өкелші! - деген әйелінің даусы қаралы ойын бәліп жіберді.

- Әй, әкеннің... - деп, шарасыздығына күйінген отағасы, қолындағы тасты үйілген көмірге лақтырып, құдыққа беттеді. Төбеге дәл тиген тас иесінің отырған орнына сырғанай келе жайғасты.

Жылуы жоқ үйге кіру Жаманкүл үшін азап соңғы күндері. Жатса да, тұрса да сары уайымға салады өзін. Маза бермес ойлар көп. Барлығы зілдей ауыр: ұлының жоғары оқу орнынан қуылып жатқаны, әлі өмір көрмеген қызының тұрмысқа шығуға бел байлағаны. Бар мәселенің себебі бұған белгісіз.

Суға толы шелекті есік аузына қойып, темекісін тұтандырған бойда пештің алдына жайғаса берген.

- Сенде осы! Неге айналшықтап шықпайсың? Тисе бермеші сол қара бәлеге - деп, қызыл шаш қатыны байын бас салды.

- Сол бәлемен мына келген қыстан аман - есен дей бергенде, әйелі бұның сөзін аяғына дейін тыңдамастан:

- Ойбай-ау! Енді не істе дейсің маған? Ұлын анау! Қызың болса мынау! Өсекке қалмай тұрғанда байға беру керек! Ақшаны қай басымызға тарт дейсің? - деп, бұлқан - талқан болды.

- Шешене тасуыңды доғар! - деді, естігенінен жиіркенген Жаманкүл

Сайра байының соңғы сөздерін естімей қалды, әрине. Күнделікті ұрыс - керіс шаңырақтарын айналып өткендіктен, қараңғы үйге тыныштық тез орнады. Жаманкүл, пештің аузын айқара ашып, қып-қызыл майда шоктарға тесіле қарап отырған. Кенет кішкентай жүгірмегі арқасына асыла кетіп:

- Әке! Қарным ашты! - деді еркелей.

Сонда да тыныштық бұзылмады.

Қамыққан көңілін арқалап дүкенге бет алды. Қалтасында көк тиыны жоқ. Қазір ол мүлдем маңызды емес пе, қалай? Жаманкүлдың ішін жалмаған өртке теңесетін жалғыз нәрсе - ішімдік еді. Маңыздысы осы.

Түні бойы ауыл иттері тоқтаусыз ұлыды. Жан түршіктірердей ұлыды...

Ауыл үстінен мұқият зер салғанға ерекше көрініс байқалады. Аппақ қарға көмілген ауылдың дәл ортасына әлдекім қызыл таңба басқандай.





КАЗАХ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ

II

Осы санда оқырман назарына
«анимациялық режиссура» мамандығынын
II курс студенті Сақиоллаұлы Қасиеттің
жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз.





КАЗАХ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНЫН 12

«Ес - аймақ» атауы ескірмейді



Р.С. Әйгілі «Ес - аймақ» атты театр труппасы алғаш Семей қаласында 1920 жылы ашылғаны алты алашқа белгілі. Труппаның тұңғыш мүшелері: Ғ. Төребаев, У. Тұрлыбеков, А. Әуезов, С.Арықова, Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Ж. Елебеков, Ж. Шаниндер болғандары бәрімізге аян. Бүгінде сол қасиетті атауды студенттер өздерінің труппаларына, қандай да бір пікірталас бірлестіктеріне серік етіп, насихаттап жүр. Соның бірі Семей қаласындағы

М. Төлебаев атындағы музыкалық колледждің болашақ маман иелері. Аталмыш оқу ордасының студенттерінен «Шабьт» журналына арнайы мақала түскен еді. Сол жұмысты өз оқырмандарымызбен бөлісуді жөн көрдік.

Бүгінде өнер ордамыздағы «Бұқаралық қойылымдар режиссурасы» мен «Актер шеберлігінің негізі» пәндерінің оқу бағдарламасына сәйкес курстық және дипломдық жұмыстарынан бастау алған «Студенттер театры» әр түрлі жанр бойынша көптеген қойылымдарды оқу театр сахнасында көрермен назарына ұсынып, тиісті бағасын алуда. Труппамыз халқымыздың көне салт - дәстүрлерін жаңғыртып, жаңа үлгіде жас ұрпаққа эстетикалық талғамға сай насихаттауды көздеп келеді. Оқу бағдарламасына сәйкес қойылымдар арқылы өнер сүйер жастарды театр өнеріне баулуда. «Студенттік театр» деп атағанмызбен нақтылы, заңды түрде бекітілмеген. Бекіту болашақтың, әкімшіліктің ісі. Дей тұрсақ та, ұжымымыз көптеген қойылымдарды көрермен назарына ұсынып, әр түрлі республикалық, облыстық театр фестивальдеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болып, лауреат атанып жүрген жайы бар. Сондықтан студенттер театрын өздігімізше «Ес - аймақ» студенттер театры деп атап жүрміз.

«Ес - аймақ» алғашқы қазақ театр труппасының атауы болғандықтан, сол атауды ұмыт қалдырмаудың жолында арқаланып жүрміз. Труппаның алғашқы ұжымы елімізге еңбегі сіңген өнер майталмандары болса, бүгінде сол ардақтылардың ізін басушылар біздің «Ес - аймақ» студенттер театрының құрамындағы өнерпаздар. Атауы ескі болғанмен қойылымдары мен құрамы жаңа. Театрдың әр мүшесі қазақ театрының тарихымен терең танысып, сусындайды. Оқудан тыс уақыттарында театр өнерімен тығыз байланысып, көрген спектакльдерді талдап, өз көзқарастары мен ойларын ортаға салады. Театр өнерінің жастарға берері мол.



Біздің «Ес - аймақ» студенттер театры 2008-2009 оқу жылдары іргетасын қалап, қалыптаса бастады. Ең алғаш театрдың сахналаған спектаклі труппа жетекшісі Болат Камзиннің қаламынан туған «Кестелі орамал» болды. Кезекті қойылым «Дос туралы жыр» мелодрамасы. 2010 оқу жылындағы «Бұқаралық қойылымдар режиссурасы» пәнінің бағдарламасы бойынша IV курс студенттерінің дипломдық жұмысына арналып, «Атадан қалған сара жол» салт - дәстүрге құрылған драма жазылып, көрермендер мен ұстаздар назарына ұсынылды. Бұл пьесада қазақ халқының ескі салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының бірі «әменгерлік» тақырыбы көтерілді.

Репертуардағы бірнеше қойылымдарды атап айтсақ, М.Горькийдің «Өлімді жеңген ана», Б.Камзиннің «Әкім келеді», Л.Есембердиеваның «Қалталы күйсе қайдасыңды?» қойып, труппа ұжымы талай мәрте жеңістерге қол жеткізді. Сондай-ақ, театр ұжымындағы өнерпаздар Республикалық, облыстық және қалалық театр фестивальдерінің лауреаттары. Жалындаған жастар бар да, киелі «Ес - аймақ» атауы ешқашан ескірмейді!



Гүлсара Базар
Семей қаласы





Туған жер

Көрінеді ол көрінеді заңғар боп,
Сен кетпес жан жүрегім жыраққа.
Біздің жақта, биік биік таулар жоқ,
Таудан биік тұлғалар бар бірақ та.

Ән салғанда жауған жаңбыр себелеп,
Тамылжиды бар дүние албырап.
Біздің жақта табиғат жоқ керемет,
Табиғаты бөлек жандар бар бірақ.

Мен сағынбай туған жерді жүргем жоқ,
Сағынышым көрген емес сарқылып,
Біздің жақта түрлі түсті гүлдер жоқ,
Гүлден нәзік ару қыздар баршылық

Біздің жақта қалың нулы орман жоқ,
Қара ормандай ағайын бар ардақты.
Сондықтан да менде басқа, арман жоқ,
Туған жерден тауып жүрмін бар бақты

Бал махаббат (мектепке сағыныш)

Бар есімде балалықтың әр күні,
Өткен шақты аңсататын өзіңмен.
Махаббат па не деуші еді әлгіні
Сенің ғана көрінетін көзіңнен.

Ауласынан алыстамай үйіңнің,
Тостым талай мектебіңнің жолында.
Ұнау үшін әдемірек киіндім,
Қажеті боп қалар ма деп оның да.

Сыныбыңның күнде өтемің сыртынан,
Сен отырған терезеге көрініп.
Жанарыммен жақындауға ұмтылам,
Қос бұрымың қиялымда өріліп.

Жүрегіме бергендей ақ келісім.
Қызартады қан жүгіріп бетінді,
Сыныбыңның терезесі мен үшін,
Көңіліңнің терезесі секілді.

Қоңырауды күтем тағы асығып,
Көздегенім жүру емес қаңғырып,
Хаттарымды өзгелерден жасырып,
Кетуші едім сөмкесіне қалдырып

Үндемесе сүймегені деуші еді,
Жолдастарым жүрегімді жандырып.
Хаттарды емес, бал махаббат мен сені,
Сөмкесіне кетіппін ғой қалдырып.





ЖАСЫН

(басы өткен санда)

- Әй, не деп кеттің? Оның маған не қатысы...

- Қазір оңай заман емес, оңай емес. Сізді шет ел тыңшысы, яғни француздармен қарым - қатынасыңыз бар, «кеңеске қарсы бүлікке ие» - депті жалада.

- Не дейсің?

- Сөзімді бөлме! - деп қабақ қатты орыс шал. Бұл жерде кеңес сақшылары жоқ, олардан бұрын сізден бір шаруаның басын анықтамаққа алып келдім осында. Болмаса сырқатыңыздың кесірінен, ажалмен табысатын жайыңыз бар.

- Кім сырқат? Әй, сенің кім екенің, қайда әкелгенің маған бәрі - бір. Мен Мағжан Жұмабаев, ақын, партия мүшесі... қайсың барсың, Француз, Француз! - деп, бөлмені басына көтере даурығып жатыр ақын.

- Мағжан Бекенович, бұл жындыхана. Айқайламаңыз, жекірмегін. Сырқаттардың мазасын аласыз, тыныш...

- Жындыхана? Қайдағы жындыхана? Естеріңізден ауғаннан сауымысыздар? Неге әкелдіңдер мұнда? Жындыға ұқсаймын ба мен? Мен Мағжанмын, ақын Мағжан, Алаш Мағжаны. Шатасып тұрсың. Шатасып тұрсыңдар бәрің! - деп, Мағжан ауыр күрсіне бұрышқа қарай сырғып кетті.

- Жооқ Мағжан Бекенович түсіндірейін ендеше. Сіз Француз деген жігітпен ара - қатынасыңызды айтыңыз. Қайдан танысыз? Қашаннан танысысыздар?

- Француз? Оған не боқты? Бауырыма қолдарыңыздың ұшын да тигізбеңдер.

- В-о-о-т, ол Французаны сізден басқа кім таниды, ойланыңыз. Танысқан кездеріңізден бері оның түр - сипаты өзгерді ме?

Мағжан үнсіз қалды. Ойға шомылып кеткендей. Шынында бауырласып жүрген Французаны менен өзге ешкім танымайды. Мен онымен танысқалы биыл бесінші жылдың жүзі. Оның еш өзгермегенін неге байқамағам? Сол баяғы кара пальто, кара шляпа және мұртты. Мұртының қылына дейін өзгермеген екен ғой... Сонда ол кім? Кім болғаны?

- Жоқ... өзгермеген оның түр сипаты. Бес жыл болды. Менен басқа ешкім танымайды.

- Міне, енді дұрыыс. Мағжан Бекенович, әлгі Француз деген жігіт ешбір елдің азаматы емес. Ешкім білмейді оны, көрмеген ешқашан, танымайды ешбір жан. Ол елес шығар мүмкін. Тек сізге тиесілі елес.

Елес?... Міне, түсінікті болды. Французмен көше бойы сөйлесіп бара жатқанда жұрттың ауыр қарасы осыдан екен ғой, өз-өзіммен тілдескенмін бе қалай сонда? Ммм, мені жындыханаға сол үшін әкелген екен ғой бұлар. Мені жынды көрген ғой сонда... Қалайша? Неге мен? деген сансыз сұрақтар толқындап Мағжан санасында толықсып жатыр. Екі ай ақын жындыхананың қабырғасын тоздырған-ды. Осы арада Француз досы бірде - бір рет келмеді. Жазылды деген анықтамамен Мағжан емхананың қақпасынан шығып барады. Шыққаны сол-ақ еді ғой тағы да жолдың арғы беті Француз көзіне жас алып қарап тұр. Екі ай бойы сол жерде күтіп тұрғандай тегі. Мағжан көрмеген сыңайлы рухани күйзелісін ішке тыйып үнсіз жерге қарап кетіп барады. Сылтып басып барады. Жолдың арғы бетін жиектей Француз да аңдып келеді. Ақын жүгіріп пәтеріне кіріп кеткен-ді. Жанталаса есігін құлыптап жатыр ол. Мағжанның артынан :

- Мағжан..

Ақынның зәре құты қалмады. Ойбай-ау не керек саған? Жоқ, сен жоқсың. Елес, елес, елес - деп қайталаумен Мағжан көзін жұмып, құлағын жауып ентелеп отырып қалды.

- Мағжантай, өміріңнен бір жола гайып боламын. Десе де саған айтар соңғы шумақтарым бар, жазып алшы, өтінемін.

Мағжанға бұл ұсыныс ұнамаса да, жүрегі дауылша соғып әкетіп барады.

- Соңғы рет болсын Француз... Соңғы рет! - деп, ақ қағазы мен қаламын алып үстелге отыра кетті. Қол аяғы еріксіз дірілдеп кеткен ақынның, көзінде қаяу мұң, еріксіз жасқа толы жанар.

Француз жай ғана кеп баяғыдай өлең шумақтарын төгіп жатыр. Ақын үлгеріп жазып отыр. Бір кезде бөлме іші тыныштық күйіне бөленді. Мағжан «сосын? Тағы, тағы» - деп басын көтерді, Француз гайып болған екен. Сайтан ба, бұл не, не сұмдық Құдай-ау? - деп, жазғанына көз жүгіртіп шықты Мағжан. Өзіне - өзі сене алар емес. Қалайша? Қазақшасының өзі шорқақ Француз қалай ғана осындай туынды жасай алады? - деп үнсіз санасымен арпалысып отыр Мағжан. Ол өзі ұғар емес, әлгі Француз Мағжанның өзінің жанының ұшқыны екенін. Французаны өзі вундеркинд деп таниды, бірақ Француз жоқ қой. Ол Мағжанның ой өзегінің бір бөлігі емес пе еді... Мағжан ұғар емес, Француз, ақынның мұзасы екенін, ол оның шабыты емес пе еді. Енді, міне, ақынның көз жасы керуендей сырғыды, өмірі астан - кестен, жүрегі азалы. Алғаусыз сезімдерін есіне алды. Тыстағы терезе сырт етіп ашылып кеткендей, үстел үстінен бір сурет сырғып жерге орала құлап барады. Не қылған сурет? Не қылған? Қайдан келген сурет? Мағжан жанталаса жердегі суретті көтеріп көз жүгіртті... Суретте, әкесі Бекен, анасы Гүлсім және өзге туыс-тамырластары. Сезімі жүрегіне дүре соққан кез осы. Фотосуретте көптеген адамдардың арасында бір түсініксіз бейне көрінді. Кара пальто, кара шляпа және мұртты.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ

15



ҚАЗАҚ



БІР РӨЛ - БІР АКТЕР

Кешқұрым. Айнала жым - жырт. Кеңет Елордамыздағы Абылай хан көшесі бойындағы қайындармен сырласып, тілдесіп, әрі мұндасып жүріп келе жатқан Мұқағали Мақатаевқа көпшіліктің көзі түсті. «Апырай, бұл нағыз ақынның өзі ме?» - деп тандана қарап, әрбір іс - әрекетің, кимыл қозғалысын назардан тыс қалдырмай ел - жұрт бақылады. «Иә, соның өзі ғой» дегендей барлығы ішкі түйсіктерімен кеңесе бастады. Ал, аздаған уақыт өткенде әлгі пенде қос алақанына тал бойынан үзіліп жерге түскен бір жапырақты алып, соған көп қарады. Жасыл желекке оранған жапырақтың дәл ортасындағы күре және одан тараған жан - жағындағы тамырларға аса қатты мән берді. Содан біраз тұрып басын шайқады да, ары қарай кете барды. Ал үйіне аптығып келе салысымен адам анатомиясы кітабын ашып, парақтарын ақтарып, жүректің суреті салынған бетті тауып алды да, оған бар демін қойып, мұқият зерделеді. «Бұл қалай болғаны, қызық ә, жапырақ пен жүректің құрылысы бір - бірінен аумайды екен - ау» - деп, әлдекімге бірдене айтқысы келді. «Енді ұққандаймын, иә, енді ғана ұққандаймын» - деген сөзін қайталай берді. Осы тұста қаланың ажарын келтірген табиғаттың бір бөлшегі жас қайындарға терезенің арғы жағынан қарады да:

Жапырақ жүрек жас қайын!

Жанымды айыр бастайын.

Сен адам бола бастасаң,

Мен қайын бола бастайын.

Келісесің бе, жас қайын? - деді де,

Бар жоғы мәнде бір жүрек,

Ол өлсе - мәңгі кеткенім.

Сендегі семсе мың жүрек

Келгенде жасыл көктемнің,

Тірілер қайта дүркіреп - деп, ойға шомып ұзақ отырды бір орында. Бұл адам шындығында нақ ақынның өзі емес еді. Ол Мұқағалидің бейнесін жасап шығаруға ақынның ғаламын барынша танып білуге, зерттеуге ұмтылған Қаллеки театрының актері Жанқалдыбек Төләнбаев болатын. Осыған дейін Мұқағали неге жас қайындарға мұнын шақты деп, түсіне алмай жүрген еді. Бүгін міне, соның жауабын тапты. Шешімсіз сұрақтың шешімі табылды. Жыр алпауыты өмірден баз кешкенде қоршаған ортасымен үндескенін сезді. Ұғынды. Білді. Актердің бұл рөлге келу тарихы былай басталған еді. Серік Тұрғынбекұлы талай жыл Мұқағали туралы тартымды туындыны дүниеге әкелуді арман етіп жүреді. Бірақ, М. Мақатаевтің мазмұнды кескінін шығаратындай оған ұқсас бейне көпке дейін кездестіре алмай жүреді. Бірақ, күндердің бір күнінде Астана қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ Мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрына сәті түсіп келгенде, Жанқалдыбек Төләнбаевті көреді. Сөйтіп, оның бойынан Мұқағалиға тән бітімді байқайды. Осы бір жайттан кейін С. Тұрғынбекұлы қанша мерзім толғана жүріп өмірге тынғылықты жана шығарманы әкеледі. Міне, осылайша оның көптен бергі арманы жүзеге асады.

Иә, әйтеуір арман алдамады. Пьеса жазылды. Ендігі кезекте тек қана поэтикалық драманы сахнаға шығарып, көрерменге ұсыну керек еді. Ақынжанды автор осыны ойлана келе, атакты режиссер, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Халық қаһарманы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, марқұм Әзірбайжан Мәмбетовтің театр сахнасына қоюына ұсыныс жасайды. (Ә. Мәмбетов ол кезде Қаллеки театрында бас режиссер әрі көркемдік жетекші қызметін атқаратын). Мақтан тұтар тарлан оның тілегін мақұл етеді. Ұсыныс қабылданды. Бірақ ақынның рөлін кім кескіндейді деген сынды сұрақ туындайды. Сонда Серік Тұрғынбекұлы: «Мен өз геройымды тауып қойғанмын, сіздерде «Жан» деген артист бар екен ғой. Сол ойнайды» - деп тіл қатады. Сөйтіп бұл рөлге бірінші құрамда Жанқалдыбек Төләнбаев, екіншіге ҚР «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Сырым Қашқабаев бекітіледі. Дегенменде, сөл кейінірек Сырым бұл рөлді толықтай Жанқалдыбектің жеке иелігіне табыс етеді. Осылайша өнер адамдарының өзара түсіністігінен кейін барып, әлемге аты шыққан Әзірбайжан Мәмбетов пьесаны өзі емес, ізбасары, режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақовтың сахналауына ниет танытады. Дарын иесі оны жөн көріп, қызу дайындыққа кіріседі. Содан бастап әрбір сахнагер барынша ізденіс талпыныс қамына дем





қояды. Дайындық өрекеттер кезінде бәрінен уыр соққаны әріне басты кейіпкерге екені мәлім. М. Мақатаев бейнесін сахнаға шығару оңай шару емес. Оның көзін көрген адамдарда арамызда жүр. Сондықтан алғашында Ж.Төлжанбаевтің көңілінде қорқыныш болды. Осы қорқыныштың қарқынын басу үшін ол жанымен жақсы істерге ұмтыла, талантымен тер төге ештеңеге қарамастан жұмысына белсенді кіріседі... Еңбектен жүріп тылсым құпияларға да тап болады.

